

"Янго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ірі қараның бруцеллез ауруына ұшырауына байланысты шектеу шарасын қою туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы № 1752 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2006 жылғы 26 маусымда № 5-9-42 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 389 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 26.08.2024 № 389 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Янго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты, Глубокое аудандық бас мемлекеттік малдәрігерінің ұсынысы негізі бойынша, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" 2002 жыл 10 маусымдағы № 339 Заңының 27 бабы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жыл 23 қаңтардағы № 148-11 Заңының 31 бап 1 тармақ, 18) тармақшасын, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық Министрлігінің "Адамға және малға да бірдей (бруцеллез) жұқпалы аурулармен күресу жөніндегі ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық алдын алу ережелерін бекіту туралы" 2004 жыл 5 қарашадағы № 632 бұйрығының 9,10 бөлімдерін басшылыққа алып, Глубокое аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Янго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 2006 жыл 12 маусымнан бастап бруцеллез жөнінде ұсынылған шектеу шаралары енгізілсін және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое аудан әкімінің орынбасары В.В.Лаптевке жүктелсін.

Глубокое аудан әкімі

С.Плотников

Глубокое аудандық әкімдіктің
2006 ж. 12 маусым № 1752
қаулысымен бекітілген

"Янго" ЖШС-дегі бруцеллез ауруына қарсы шектеу шаралары

№ п/п	Шаралардың атауы	Орындалу мерізімі	Ұйымдастырылуы мен орындалуына жауапты	Бақылауды қадағалайтындар
-------	------------------	-------------------	--	---------------------------

1.	Мал жайылымдарына және мал жайылатын жерлерге аймақтық шектеу қою.	Шектеу кезеңіне дейін	Шаруашылық басшысы, мал шаруашылық цехының бастығы, шаруашылықтың бас мал дәрігері	Ауылдық округтің мемлекеттік ветеринарлық инспекторы
2.	Малдардың оңды және оңсыз зерттеу қорытындылары алынғанан кейін, бір күннің ішінде, оларды жеке окшаулау керек. Малдардың ауруға деген оңды реакциясы табылған күннен бастап, үш күннің ішінде оны сою керек.	Үнемі	Ауылдық округтің мемлекеттік ветеринарлық инспекторы, "Янго" ЖШОгі басшысы, шаруашылықтың бас мал дәрігері	ҚР АШМ ветеринарлық бақылау бөлімі
3.	Ауру малдарды шаруашылықта сою тек оларға арналған орындарда ғана жүзеге асырлады және ол орынды артынан залалсыздандыру керек.	Үнемі	Ауылдық округтің мемлекеттік ветеринарлық инспекторы, "Янго" ЖШОгі басшысы, шаруашылықтың бас мал дәрігері	ҚР АШМ ветеринарлық бақылау бөлімі, СЭҚДБ
4.	Ауруға деген оңды реакциялы малдар табылғанан кейін, оларды окшауханаға бөлектеп және адамдар мен жануарлар жүретін жерлерде, мал тұратын тұрақтарда жоспардан тыс залалсыздандыруды өткізу керек.	Үнемі	Шаруашылық басшысы, мал шаруашылық цехының бастығы, шаруашылықтың бас мал дәрігері	Ауылдық округтің мемлекеттік ветеринарлық инспекторы
5.	1) тек союға жіберетін малдан басқа, дені сау малдарды әкетуге және әкелуге; 2) пішен даярлау, сабан және басқада жем~ шөптерді малдарға бөлек аумақтарға әкетуге, адамдар мен жануарлар жүретін	Үнемі	Шаруашылық басшысы, мал шаруашылық	Ауылдық округтің мемлекеттік

	жерлерде шаралар өткізуге; 3) бруцеллез реакциясына оңды деген малдарды автомашинаның жабық жүк салатын қорабында және ветеринарлық маманның бақылауынсыз		цехының бастығы, шаруашылықтың бас мал дәрігері	ветеринарлық инспекторы
	өкетуге; 4) залалсыздандырылған және тексерілмеген жерлерде, ауру малдардан және ауруға деген бәйімі бар малдардан қалған қалдық жем-шөпті астына салуға, көңді салуға; 5) сүт өнімдерін сүт өндірістеріне тарату, базарда сату, қоғамдық тамақтандыру орындарында қолдану және күнделікті ішкі қажеттілікке қолданғанда жоғарғы температурада залалсыздандыру үшін қайнатпауға тим салынады.			
6.	Бруцеллез ауруын жұқтырмау мақсатында жеке бас гигиенасы ережелері сақталсын.	Үнемі		СЭҚДБ

Глубокое аудандық мемлекеттік бас ветеринарлық инспекторы

Қ. Тоқтасынов